**2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 7 мамырдағы № А-4/106 қаулысы. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 маусымда № 1-13-110 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 қаңтардағы № а-0/33 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімдігінің 2011.01.14 № а-0/33 қаулысымен*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды, «Ақмола облысы Жақсы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өткізуді қамтамасыз етілсін.

2. Әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық әскерге шақыру комиссиясы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын және бекітілсін.

3. 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақырылуы тиіс азаматтарды шақыруды өткізу кестесі бекітілсін.

4. Осы қаулы 2010 жылдың 15 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Д.Бралинаға жүктелсін.

6. Осы қаулы Жақсы ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жақсы ауданының әкімі И.Қабдуғалиев*

КЕЛІСІЛДІ

*Ақмола облысы денсаулық сақтау Басқармасы жанындағы «Жақсы орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорынның бас дәрігері М.Досхожин*

*«Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Ақмола облысы Жақсы ауданының Ішкі Істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Е.Сыздықов*

*«Ақмола облысы Жақсы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы майор Н.Мельников*

Қосымша 1
Жақсы ауданы әкімдігінің
07.05.2010 жылғы № А-4/106
қаулысымен бекітілген

**Аудандық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ**

| | |
|---|---|
| Мельников Николай Ильич | «Ақмола облысы Жақсы ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі» ММ бастығы, комиссияның төрағасы (келісім бойынша) |

Кәрімбаев Адильхан Туякович — «Ақмола облысы Жақсы ауданы әкімінің аппараты» ММ әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөлімінің бастығы

**Комиссия мүшелері**

Есенгулов Әділет Куатович — «Ақмола облысы Жақсы ауданы Ішкі істер бөлімі» ММ бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Гайзер Людмила Константиновна — «Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Жақсы орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының аудандық терапевт бас дәрігері (келісім бойынша)

Титова Екатерина Николаевна — «Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы жанындағы «Жақсы орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық қазынашылық кәсіпорнының медбикесі (келісім бойынша)

Ескерту

Қысқартылған сөздер:

ММ – мемлекеттік мекеме

Қосымша 2
Жақсы ауданы әкімдігінің
07.05.2010 жылғы № А-4/106
қаулысымен бекітілген

**Азаматтарды 2010 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақырылуы тиіс азаматтарды шақыруды өткізу кестесі**

| № | аттары | комиссия жұмыстарының күндері | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 16.04 | 19.04 | 20.04 | 22.04 | 6.05. | 11.05 | 17.05 |
| 1. | Белағаш селосы | 14 | | | | | | |
| 2. | Беловод с/о | | 11 | | | | | |
| 3 | Жақсы селосы | | | 30 | | | | 16 |
| 4. | Жаңақийма с/о | | | | 25 | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Запорожье с/о | | | | 21 | | | |
| 6. | Ешім с/о | | | | | | 7 | 11 |
| 7. | Қайрақты с/о | | 7 | | | | | |
| 8. | Калинин с/о | 4 | | | | | | |
| 9. | Новокиенка с/о | 9 | | | | | | |
| 10. | Қызылсай с/о | | 12 | | | | | |
| 11. | Терісаққан с/о | | | | | 15 | | |
| 12. | Чапай селосы | 10 | | | | | | |
| 13. | Подгорное селосы | | | | | 10 | 12 | |
| 14. | Тарасов с/о | | | | | | | |
| 15. | Киев селосы | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| комиссия жұмыстарының күндері | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8.06 | 1.10 | 4.10 | 6.10 | 12.10. | 14.10 | 3.11 | 10.11 | 23.11 | 6.12 |
| | 15 | | | | | | | | |
| | | 13 | | | | | | | |
| | | 25 | 40 | | | | | | |
| 35 | | | | 30 | 29 | | | | |
| | 7 | | | | 10 | | | | 15 |
| | | | | | | 18 | | | |
| | | | | | | | 9 | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | 10 | | | |
| | | | | | | | | 13 | |
| | | | | | | | 17 | | |
| | | | | | | | | | 14 |
| | | | | | | | | 19 | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

Ескерту

Қысқартылған сөздер:

с/о – селолық округі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК